ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
АЛАКӨЛ АУДАНЫ
ЖАҒАТАЛ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

040220, Жетісу облысы, Алакөл ауданы,
Қазақстан ауылы, Жансүгіров көшесі,9.
тел.: 8 (72833) 3-04-24.

АКИМА
ЖАГАТАЛЬСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
АЛАКОЛЬКОГКО РАЙОНА
ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ

040220, область Жетісу, Алакольский район,
село Казакстан, улица Жансугурова 9.
тел.: 8 (72833) 3-04-24.

Жағатал ауылдық округі әкімі
К.Б.Турлыбековке

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

Осы қызметтік жазба негізінде, МЕКЕМЕ ақпараттық жүйесін техникалық қамтамасыз ету және қызмет көрсетуді, бюджетті жоспарлау және қаржыландыруды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүзеге асыру қажеттілігі туындап отыр.

Мәселенің маңыздылығын ескере отырып, көрсетілетін қызметті "Мемлекеттік сатып **алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына** сәйкес бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асыру қажет. Аталған нормада " егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу" бір көзден сатып алу тәсілін қолдануға рұқсат етіледі.

Альтернативті сатып алу тәсілдерін (ашық конкурс, баға ұсыныстарын сұрату және т.б.) қолдану нақты жағдайда тиімді емес, себебі олар ұзақ уақытты талап етеді. Мұндай кідіріс мекеменің қызметіне елеулі зиян келтіріп, мемлекеттік міндеттердің орындалуын тоқтата тұруы мүмкін. Аталған жағдайдың жедел шешілуі уақыт пен қауіпсіздік тұрғысынан аса маңызды.

Осыған байланысты, Сізден жоғарыда аталған заң нормасына сүйене отырып, МЕКЕМЕ ақпараттық жүйесін техникалық қамтамасыз ету және қызмет көрсетуді, бюджетті жоспарлау және қаржыландыруды бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

"Жағатал ауылдық округі
әкімінің аппараты" ММ бас маманы **Т.Б.Қабылқанов**